

4-тарау.БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ МАҚСАТЫ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

4.1.Білім беру үдерісінің мақсаты:

1)Баланың ақыл-ой, адамгершілік және дене бітімінің дамуын қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, жалпы адамдық құндылықтарға бағыттау, мектепте оқуға дайындау;

2)Кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде дайындалған бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.2.Кәсіпорын тиімді тәрбие беру процесін қамтамасыз ету үшін педагогтарға авторлық бағдарламаларды тандауға, қолдануға, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен бекітілген тәрбие беру, оқыту және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге құқық береді.

5-тарау.КӘСПОРЫНҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1.Кәсіпорынға балаларды қабылдау «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады

5.2.Өтініштерді есепке алу, Кәсіпорынға қабылдауға арналған жолдамаларды ресімдеу және беру тәртібін Уәкілетті орган анықтайды.

5.3.Балалар Кәсіпорынға қабылдану кезінде тестілеуден өтпейді.

5.4.Балаларды Кәсіпорыннан шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген актілермен және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес айқындалады.

6-тарау.ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1.Кәсіпорын әрбір жас деңгейіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде білім береді.

6.2.Кәсіпорын ата-аналар мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және медициналық-сауықтыру бағыттары бойынша кеңес беру әрекетін жүргізеді.

6.3.Кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.4.Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер кестесі мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдеріне сәйкес келеді және базистік жоспарға сәйкес дайындалады.

6.5.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында медициналық қызметтер, штаттық медициналық қызметкерлер міндеттері шегінде, барлық балаларға тегін көрсетіледі.

6.6.Кәсіпорын құжаттамасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген типтік нұсқауға сәйкес жүргізіледі.